| | Тақырыптар | Оқу іс-әрекетінің мазмұны | Сағат саны | Мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Менің балабақшам | Балалардың балабақша туралы білімдерін кеңейту, балаларға бөлме ііш туралы түсінік беру, «Бөлмеде не бар?», «Мынау не?» тағы басқа сұрақтар арқылы балалардың сөздік қорын молайту, ойлау қабілетін дамыту. Түстерді дұрыс тандауға үйрету. | 2 | 7.09<br>9.09 |
| 2. | Балабақша қызметкерлері | Балаларды балабақша қызметкерлерінің аты-жөнімен, мамандық атауларымен таныстыру, олардың еңбегін бағалай білуге, оларға құрметпен карауға тәрбиелеу. | 2 | 14.09<br>16.09 |
| 3. | Біздің ойыншықтар | Ойыншықтарды көрсете отырып, қандай ойыншықпен ойнайтынын айта алуға үйрету, байланыстырып сөйлеу әрекетін дамыту, ойыншықтарын күтіп ұстауға уйрету. | 2 | 21.09<br>23.09 |
| 4. | Менің бөлмем | Бөлмедегі жиһаз атауларымен таныстыру, тазалыққа, ұқыптылыққа дағдыландыру, өз бөлмесі туралы әңгімелету, көркемдік талғамын дамыту. | 2 | 28.09<br>30.09 |
| 5. | Менің отбасым | Отбасы мүшелерінің атауларын еске түсіріп сөздік қорларына жаңа сөздер еңгізіп, адамның дене мүшелерінің орналасу бөліктерін дұрыс салу, сөз ішінде қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік сезімдерін айта білуге үйрету. | 2 | 05.10<br>07.10 |
| 6. | Менің қалам. | Балаларды туған өлкесін тани білуге баулу, сурет бойынша шағын әңгіме құрату арқылы сөздік қорларын молайту, туған өлкесіне деген мақтаныш сезімдерін тәрбиелеу. | 2 | 12.10<br>14.10 |
| 7 | Алтын күз | Баланың білім деңгейін ескере отырып күз мезгілінің ерекшеліктерін табиғатта болатын өзгерістерді салыстырып әңгімелесу, алтын күз сөзінің мағынасын ашу, саусақтардың ұсақ бұлшық еттерін дамыту | 2 | 19.10<br>21.10 |
| 8. | Қауіпсіздік ережелері | . Балаларға жол жүру ережесі жайында түсінік беру; сөздік қорының белсенділігін арттыру; жол белгілерімен таныстыру; төл дыбыстарға жаттығу; дұрыс атау, есте сақтау қабілеттерін дамыту; мұқияттылыққа тәрбиелеу | 2 | 2610<br>28.10 |
| 9. | Менің күн тәртібім. | Балаларды өздерінің күн тәртібін әңгімелеуге бейімдеу, суреттерді бояу арқылы сөздік қорларын молайту, тіл мәдениетін жетілдіру. | 2 | 2.11<br>4.11 |
| 10. | Жемістер. Көкөністер. Дәрумендер. | Күз мезгілінің тағы бір ерекшелігі жомарт күз туралы балаларға түсінік беру. Жемістер мен көкөністердің атауын үйретіп салыстыра ажырата білу іскерлігін дамыту, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. | 2 | 09.11<br>11.11 |
| 11. | Біз көмекшіміз. | Балаларды іс-қимылды білдіретін жаңа сөздермен таныстыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге ынталандыру,бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге , еңбекқорлыққа тәрбиелеу. | 2 | 16.11<br>18.11 |
| 12. | Дене шынықтыру. | Сурет бойынша дене шынықтыру туралы білімдерін жетілдіру, бейнелі-зейінді ойлауын дамыту, денсаулықты дұрыс күтуге тәрбиелеу. | 2 | 23.11<br>25.12 |
| 13. | Салауатты өмір салты. | Салауатты өмір салтының қажеттілігі туралы түсінік беру, сурет бойынша қимыл-қозғалыстарды білдіретін жаңа сөздермен таныстыру, сөз тіркесін, сөйлем жсау дағдыларын дамыту, денсаулықты күтуге тәрбиелеу. | 2 | 30.11<br>2.12 |
| 14. | Қазакстан қалалары. | Балаларға Қазақстан қалалары туралы түсінік беру, мақтаныш сезімін ұялату, үлестірмелі материалды жабыстыру арқылы сөздік қорларын байытып, тіл мәдениетін жетілдіру. | 2 | 07.12<br>09.12 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | …енің туған өлкем (Өскемен). | Балаларды туған өлкесін тани білуге, сурет бойынша шағын әңгіме құрату арқылы сөздік қорларын молайту, туған өлкесіне деген мақтаныш сезімдерін тәрбиелеу. | 2 | 14.12<br>21.12 |
| | Менің Отаным Қазақстан. | Тақырып бойынша жаңа сөздермен таныстыру. Өз Отанын, қаласын, астананы дұрыс айтуға үйрету, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту,Отанына деген жылы сезімдерін ояту | 2 | 23.12 |
| 17. | Жаңа жыл. | Жаңа жыл мерекесі туралы білімдерін жетілдіру, бейнелі ойлауын, зейінің, қиялын, тіл мәдениетін дамыту, мерекелік көңіл-күйлерін арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту. | 2 | 11.01.<br>13.01 |
| 18. | Жабайы аңдар. | Балалардың жабайы аңдар туралы білімдерін кеңейту, есте сақтап, жаттап алу қабілеттерін дамыту, сурет бойынша шағын әңгеме құрай білуге үйрету. | 2 | 18.01<br>20.01 |
| 19. | Құстар біздің досымыз. | Құстар туралы білімдерін жетілдіріп, атауларын үйретіп, дыбыстарын ажрата білуге үйрету,тілімізге деген қызығушылығын арттыру, табиғатты жақсы көруге, құстарды аялауға тәрбиелеу. | 2 | 25.01<br>27.01 |
| 20. | Қыс қызығы. | Балаларды қыс қызығын тамашалап сурет бойынша шағын әңгіме құрай білуге үйрету, бояу арқылы қол бұлшықеттерін дамыту. | 2 | 1.02<br>3.02 |
| 21 | Үй жануарлары. | Үй жануарлары атауларын үйрету, сөздік қорларын арттыру, үй жануарларына деген қамқорлыққа тәрбиелеу. | 2 | 8.02<br>10.02 |
| 22 | Көліктер. | Көлік және оның түрлері туралы түсініктерін бекіту, көлік түрлерін ерекшеліктеріне қарай топтастырып,(жерде, әуеде, суда) атқаратын қызмет аясына қарай салыстыра білуге үйрету. Олардың қызметінің маңыздылығы туралыұғымдарын кеңейту. | 2 | 15.02<br>17.02 |
| 23 | Киімдер | Балаларды киім түрлерімен таныстыру,ұлттық киімдер туралы түсінік беру. Сурет салу арқылы қол қимылдарын дамыту. Ұлтшылдыққа тәрбиелеу. | 2 | 22.02<br>24.02 |
| 24 | Мамандықтар. | Мамандық түрлерімен таныстыру, сурет бойынша сұрақтарға жауап беріп, байланыстыра сөйлеу әрекетін дамыту, мамандық иелерін құрметтеуге тәрбиелеу. | 2 | 1.03<br>3.03 |
| 25 | Түстер. | Балаларға түс атауларын үйрету (*қызыл, жасыл, көк, сары, қоңыр)* оларды басқа сөздермен байланыстырып қолдану дағдыларын қалыптастыру; төл дыбыстарға жаттығу; зейін, ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту; сұлулыққа, әдемілікке тәрбие | 2 | 10.03<br>15.03 |
| 26 | Жылға талас.<br>Армысың Наурыз. | Жыл басына таласқан хайуанаттар ертегісімен таныстыру, сурет бойынша хайуанаттарды атай алуға машықтандыру, оларды жақсы көруге, мейірімділікке, ерекшеліктерін бағалай білуге тәрбиелеу. Балаларды Наурыз мерекесімен таныстыра отырып, ұлттық дүниетанымдық білімдерін кеңейту,тіл мәдениетін жетілдіру,ұлттық мерекеге деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу. | 2 | 17.03<br>24.03 |
| | Жыл мезгілдері | Көктем мезгілінің айларымен таныстыру, әр айдың ерекшеліктерін сурет бойынша әңгімелеу,зейінің, бейнелі ойлауын дамыту, өзара достық көмекке тәрбиелеу | 2 | 28.03<br>30.03 |
| 27 | Наурыз мерекесінің мәні | Наурыз мерекесімен таныстыра отырып, ұлттық дүниетанымдық білімдерін кеңейту,тіл мәдениетін жетілдіру, ұлттық мерекеге деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу. | 2 | .5.04<br>7.04 |
| 28 | Оюлармен танысамыз. | Балаларды қазақ халқының қайталанбас бай өнерінің туындыымен таныстыру, танымдық білімдерін кеңейте отырып, қолдың ұсақбұлшықеттерін дамыту, нақыштарға деген қызығушылыққа , сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | 2 | 12.04<br>14.04 |
| 29 | Көктем. | Көктем мезгілінің айларымен таныстыру, әр айдың ерекшеліктерін сурет бойынша әңгімелеу,зейінің, бейнелі ойлауын дамыту, өзара достық көмекке тәрбиелеу | 2 | 19.04<br>21.04 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ...е атасы нан. (Тағамдар) | Тағамдар туралы түсініктерін жетілдіре отырып, нанды қалай өндіретіні жайлы айтып беру, ұлттық тағам атауларымен таныстыру, жаңа сөздерді орынды қолдана білуге жаттықтыру. | 2 | 26.04<br>28.04 |
| | Тазалықты сүйеміз. | Балаларға тазалық, саулық, денсаулық сөздерін үйрету, тазалықтың пайдасын ұқтыру, өз денсаулығына ұқыпты қарауға тәрбиелеу. | 2 | 03.05<br>05.05 |
| 32 | Жәндіктер. | Суреттеме жұмбақтар арқылы жәндіктермен таныстыру, сурет бойынша байланыстырып сөйлеу дағдылары дамыту, жәндікті бояу арқылы әдемілікке, сұлулыққа, әсемдікке трбиелеу. | 2 | 10.05<br>12.05 |
| 33 | Достығымыз жарасқан | Көп ұлтты Қазақстандағы ұлт өкілдерінің достығы ұғымымен таныстыру, бір-біріне деген сыпайылық, әдептілік, кішіпейілдік, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру. | 2 | 17.05<br>19.05 |
| | Қорытынды сабақ | Балаларға жыл бойы өтілген оқу іс – әрекеттеріне байланысты тапсырмаларды бере отырып, білімі – білік дағдыларын сараптау<br>Дидактикалық, логикалық ойындар арқылы есте сақтау қабілеттерін дамытуды жалғастыру<br>Ұқыптылыққа, өз ойын еркін жеткізе білуге тәрбиелеу. | 1 | 24.05 |
| | **Барлығы : 72 сағат** | | | |

**Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 46 «Огонёк» балабақша–бөбекжайы» КМҚК**

**БЕКІТЕМІН**
**Шығыс Қазақстан облысы**
**білім басқармасының**
**Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің**
**«№ 46 «Огонёк» балабақша–бөбекжайы»**
**КМҚК директоры**
**____________ О. И. Федотова**
**2022 жылғы «01» қыркүйегі**

**2022-2023 оқу жылына арналған «Ромашка» мектеп алды даярлық тобына арналған қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу әрекетінің перспективтік-тақырыптық жоспары**
**Білім беру саласы «Коммуникация»**

Перспективно-тематический план организованной
учебной деятельности по казахскому языку
в предшкольной группе «Ромашка» на 2022-2023 учебный год
Образовательная область «Коммуникация

Педагог: Копжасарова Н.Б.

# **ТҮСІНІК ХАТ** (Пояснительное письмо)

5-6 жастағы қазақ тілді емес топтарында қазақ тілін оқытуға арналған оқу-әдістемелік кешен болып табылады. Әдістемелік кешені жұмыс дәптері, үлестірмелі материалдардан және әдістемелік құралдан тұрады. Оқу-әдістемелік кешен мектепке дейінгі ересек балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуге арналған бырыңғай типтік» бағдарламасы негізінде дайындалған.

Оқу іс-әрекеті барысында балалардың жасы мен даралық ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілген жұмыс нәтижесінде:

- балалар мұғалімнің нұсқауларын түсініп, орындай алуға;
- жекелеген заттардың атауларын қазақ тілінде дұрыс айта білуге;
- заттардың түрін, түсін, санын дұрыс ажырата алуға;
- өзі туралы қысқаша мағлұмат бере алуға;
- тақпақтар бойынша қарапайым сұрақтарға жауап бере алуға үйренеді.

Жұмыс-дәптерде тақырып бойынша лексикалық материалдар бір-бірімен байланысты тапсырмалар жүйесімен берілген. Тапсырмаларды балалардың қабылдауына жеңіл әрі қызықты түрде ұсыну мақсат етілген. Оқу іс-әрекеті барысында жаңа тақырыптар тыңдау, қайталау, белгілеу, сәйкестендіру, бастыру, бояу т.с.с. жұмыс түрлерін орындату арқылы меңгертіледі. Балалардың сөйлеу тілін, сөздік қорын дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Суретті материалдардың мол қоры балалардың жаңа сөздер мен сөз тіркестерін, сөйлемдерді жеңіл қабылдауына ықпал етеді. Жұмыс-дәптерде берілген тапсырмалардың басым бөлігі ойын түрінде өткізуге ыңғайлы етіп құрылған.

Оқу іс-әрекеті барысында жүргізілетін сергіту сәтін негізгі екі бағытта ұйымдастыруға болады:

1) Алғашқы сабақтарды тек қимыл қозғалыстар (ойындар) арқылы жүргізуге болады:
   - Шеңбер бойымен тұрып бір-бірімен қимыл арқылы амандасу, қоштасу (қол алысу, қол бұлғау, иілу т.с.с)
   - Қолмен ауада сурет салу;
   - Әуен ырғағымен түрлі қимыл қозғалыстар жасап билеу;
   - Саусақтарды біріктіру, қимылдату арқылы жануарлардың бейнесін жасау;
   - Қимыл қозғалыстар, ым-ишарат арқылы жан-жануарларды көрсету;
   - Әуен ырғағымен орындықтарды айнала жүгірген балалар әуен тоқтаған кезде орындыққа отырып үлгеруі керек, отырып үлгермеген бала ойыннан шығады;
   - «отыр, тұр, секір, жүгір» қимылдарын көрсету арқылы қайталау;
   - «Ине мен жіп» (Балалардың біреуі ине, қалғандары жіп болады. Балалар бір-бірлерінің белдерінен ұстап тұрады. Алдарында тұрған кедергілер арасынан үзілмей жүгіреді).
2) сергітулерді қайталай отырып, соған сәйкес қимыл қозғалыстарды орындау арқылы және «Мысық пен тышқан», «Ұшты, ұшты», «Айгөлек», «Ақ терек, көк терек», «Тас кімде?», «Мырш-мырш» т.с.с. ойындар арқылы өткізу.

Оқу іс-әрекетінің барысында үлестірмелі материалдарды тиімді қолдана білу балалардың шығармашылық түрде жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Тақырыпқа қатысты жаңа материал үлестірмелі материалдардағы тапсырмаларды орындау арқылы бекітуге негізделген. Үлестірмелі материалдар, негізіне, жапсырмалар түрінде ұсынылған. Бұл балалардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың ұқыпты жұмыс істей алу дағдыларын қалыптастырады. Өз жұмысының жәтижесін көрсету балалардың өзіне деген сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді.